Бердіахметқызы Сәлиқаның 8D08401 – «Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында орындаған «Кіші Аралдағы кәсіптік маңызы бар балықтарының паразитоздары» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Бердіахметқызы Сәлиқаның «Кіші Аралдағы кәсіптік маңызы бар балықтарының паразитоздары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі қазіргі заманғы ихтиология, паразитология және балық шаруашылығы ғылымдарының өзекті мәселелерінің біріне арналған. Зерттеу барысында Солтүстік (Кіші) Арал теңізіндегі кәсіптік маңызы бар балықтардың паразитофаунасына кешенді ихтиопаразитологиялық талдау жүргізіліп, паразиттердің түрлік құрамы, таралу ерекшеліктері мен зақымдану деңгейлері анықталған.

Қазіргі уақытта Кіші Арал теңізін қалпына келтіру және су биологиялық ресурстарын сақтау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Гидрологиялық және гидрохимиялық жағдайлардың өзгеруі гидробионттардың түрлік құрамына, тіршілік ету ерекшеліктеріне және паразитофаунасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты кәсіптік маңызы бар балықтардың паразитофаунасын зерттеу және паразиттік аурулардың таралу заңдылықтарын анықтау ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше маңызға ие.

Кіші Арал теңізінің тартылуынан кейін мемлекет тарапынан су айдындарын қалпына келтіру, су биологиялық ресурстарын сақтау және балықтандыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілгенімен, кәсіптік балықтардың ихтиопаразитофаунасына қатысты кешенді зерттеулер соңғы бірнеше онжылдықтар бойы жүргізілмеген. Ғылыми әдебиеттерде тек жекелеген кәсіптік балық түрлерінің паразиттері жөнінде аз көлемдегі мәліметтер ғана кездеседі. Осыған байланысты зерттеу жұмысының негізгі мақсаты қазіргі экологиялық жағдайда Кіші Арал теңізінде тіршілік ететін табиғи және жерсіндірілген кәсіптік балықтардың паразитофаунасын зерттеу, паразиттердің түрлік құрамын, таралу ерекшеліктерін анықтау және оларды ихтиопаразитологиялық тұрғыдан бағалау болып табылады.

Сонымен қатар, балықтардың паразитарлық аурулары олардың сандық және сапалық өнімділігіне елеулі кері әсерін тигізеді. Инвазия қарқындылығы жоғары болған жағдайда балықтардың жаппай қырылу қаупі туындайды, бұл өз кезегінде балық шаруашылығының экономикалық тиімділігінің төмендеуіне алып келеді. Осыған байланысты табиғи су айдындарындағы балықтардың паразитофаунасын зерттеу, паразиттік аурулардың таралу заңдылықтарын анықтау және олардың алдын алу шараларын ғылыми тұрғыдан негіздеу қазіргі ихтиология мен паразитология ғылымдарының өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Ұсынылған ғылыми жұмыс дәстүрлі ғылыми құрылымға сәйкес орындалған және кіріспеден, әдебиетке шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, қорытынды мен тәжірибелік ұсыныстардан тұрады. Материалдардың мазмұндалуы зерттеліп отырған мәселенің қазіргі жағдайын жан-жақты сипаттап, қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерді шешудің жолдарын толық қамтиды.

Ізденуші зерттеудің теориялық және тәжірибелік нәтижелерін далалық материалдардың мол көлемімен, олардың статистикалық өңделуімен және басқа елдер мен өңірлер бойынша қолда бар ғылыми деректермен салыстыра отырып негіздеген. Балық паразиттерінің түрлік құрамына қатысты нәтижелер кең көлемдегі сойып-зерттеу материалдарына сүйене отырып алынған. Сандық мәліметтер математикалық статистиканың жалпы қабылданған әдістері арқылы өңделіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Әрбір балық түрінің паразиттермен зақымдану көрсеткіштері жүйеленіп, нәтижелер салыстырмалы түрде талданған.

Зерттеу жұмысында дәстүрлі морфологиялық әдістермен қатар паразиттерді анықтаудың заманауи молекулярлық-генетикалық тәсілдері қолданылған. 18S рРНҚ және COX1 гендері негізінде жүргізілген филогенетикалық талдау нәтижесінде бірқатар паразит түрлерінің таксономиялық сәйкестігі молекулалық деңгейде расталған. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен сенімділігін арттыра түседі.

Жүргізілген молекулярлық зерттеулер *Diplozoon paradoxum, Glanitaenia osculata; Philometra ovata, Lamproglena pulchella* және *Argulus foliaceus* түрлерінің таксономиялық сәйкестігін жоғары дәлдікпен растауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар *Achtheres percarum* және *Porrocaecum reticulatum* паразиттеріне жүргізілген филогенетикалық талдау олардың генетикалық ерекшеліктерін анықтауға және Кіші Арал теңізіндегі паразиттердің таралу заңдылықтарын тереңірек сипаттауға негіз болды.

Алынған нәтижелер Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік балықтардың паразитофаунасы жөніндегі ғылыми мәліметтер қорын толықтырып, өңірдегі эпизоотологиялық жағдайды бағалауға және балық ресурстарын сақтау мен көбейтуге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Зерттеу барысында қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалған.

8D08401-«Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған зерттеу нәтижелері жеткілікті деңгейде жарияланған. Диссертация материалдары негізінде бірлескен авторлармен 9 ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 5 мақала, Scopus және Web of Science халықаралық деректер базасына енгізілген журналда (International Journal of Parasitology: Parasites and Wildlife) - 1 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында - 2 жарияланым және 1 ғылыми ұсыныс жарияланған.

С. Бердіахметқызының ғылыми-зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелер беру талаптарына толық сәйкес орындалған аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Ізденушіге 8D08401 - «Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
ветеринария ғылымдарының
докторы, профессор Абдыбекова А.М.

Профессор А.М.Абдыбекованың қолын растаймын:

«ҚазҒЗВИ» ЖШС бас ғалым хатшысы,
ветеринария ғылымдарының кандидаты Тлегенова Ж.Ж.

QAZGZVI
Кадр бөлімі